

<sup>1</sup> Бүркітбаева Ш. Д. , <sup>2\*</sup> Токсеитова А.Е.   
<sup>1,2\*</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан,  
E-mail: <sup>1</sup>[burkitbaeva.1975@mail.ru](mailto:burkitbaeva.1975@mail.ru), <sup>2\*</sup>[aydana.ergalikizi@gmail.com](mailto:aydana.ergalikizi@gmail.com)

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі жер-су атауларындағы түс атауларының семантикалық-функционалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ және түрік тілдерінің топонимдік жүйелеріндегі түс атауларын (колоративті лексиканы) жеке-жеке қарастырмай, оларды ортақ салыстырмалы семантикалық өріс ретінде қарастыру болып табылады. Бұл тәсіл түркі тілдеріндегі ономастикалық лексиканың танымдық (когнитивті) және мәдени кодтарын, сондай-ақ географиялық нысандарды атаудағы түс атауларының символдық ауысуларын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Зерттеудің мәндеттеріне қазақ және түрік топонимдерінің корпусындағы «Ақ/Ақ», «Қара/Қара», «Қызыл/Кызыл» және «Көк/Мави» түс атауларының қолданылу жиілігін және таралуын статистикалық-лингвистикалық әдіспен анықтау. Сонымен қатар түс атауларының дескриптивті (шынайы түсті сипаттау) және метафоралық (көлем, бағыт, сапа) мағыналарды берудегі функционалдық ерекшеліктерін жіктеп, колоративті топонимдердің сөзжасамдық үлгілерін (композиция, аффиксация) салыстыра отырып, олардың лингвистикалық құрылымдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік жер-су атауларындағы түс атауларының семантикалық-функционалдық әлеуетін жан-жақты ашып, олардың екі түркі тілінің тілдік дүниетанымындағы және этнографиялық ландшафтындағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Мақалада келтірілген нәтижелер авторларға колоративті топонимдердің пайда болуына негіз болған мәдени-когнитивті мотивациялар анықталады. Топонимдік жүйелердің генетикалық байланысын, сонымен қатар жеке даму кезеңдерінде қалыптасқан айырым белгілерін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** топонимика, ономастика, колоративті лексика, семантика, функционалдық талдау

### Кіріспе

Жер-су атаулары – қазақ тіл білімінде тілші-ғалымдар тарапынан кеңінен қарастырылып келе жатқан маңызды ономастикалық мәселелердің бірі. Қазақ тіліндегі географиялық атаулар құрамындағы түр-түс лексемалары – халықтың табиғатқа, қоршаған ортаға, тарихи-мәдени құндылықтарға деген танымының тілдік көрінісі. Олар белгілі бір аймақтың ерекшелігін, тарихи-физикалық жағдайын, этникалық немесе мифологиялық астарын сипаттайтын маңызды белгілердің бірі. Дегенмен бұл атауларға қатысты ғылыми еңбектерде көбіне тек атап өту, мысал келтіру деңгейінде ғана тоқталып, олардың ішкі мазмұны, семантикалық жүк, мәдени-танымдық мәні арнайы талдауға түсе қойған жоқ.

Топонимика – ономастиканың құрамдас бөлігі ретінде географиялық нысандардың атауларын, олардың шығу тегін, мағынасын, мазмұнын, қолданылу ерекшеліктерін, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым (Шадкам, 2025:183).

Қазақ және түрік тілдеріндегі географиялық атаулар құрамында жиі кездесетін түр-түс атаулары: ақ, қара, көк, сары, қоңыр, қызыл сияқты түстердің мағыналық ерекшеліктерін, қалыптасу тарихын, және этномәдени мазмұнын қарастыру. Бұл атаулардың әрқайсысы белгілі бір табиғи ерекшелікті, ландшафттық сипаттаманы немесе тарихи-мифологиялық ұғымдарды білдіруі мүмкін. Сондықтан топонимдер құрамындағы түр-түс атауларын

семантикалық және этнолингвистикалық тұрғыдан арнайы зерделеу – қазақ ономастика ғылымының мазмұнын кеңейтіп, ұлттық тілдік қорымыздың байлығын тереңірек түсінуге жол ашады.

Түр-түс атауларының ғылыми тұрғыда зерттеле бастағанына екі ғасырға жуық уақыт өтті. Зерттеулердің бастапқы кезеңінде түстердің табиғаты мен олардың адам өміріндегі практикалық қажеттілігіне баса мән берілді. Бұл кезеңде түс тек физикалық құбылыс ретінде қарастырылып, оның мәдени-символдық мағынасына терең үңілу кейінгі кезеңдерге қалдырылды.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де түр-түс атаулары тек атауыш мағынада ғана емес, сонымен қатар семантикалық дамуға ұшыраған, көпқабатты мәнге ие лексемалар ретінде қарастырылуға лайық. Олар халықтың дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, мифологиялық танымымен, рухани болмысымен тығыз байланысты және түрлі символдық мағынада қолданылуы арқылы ерекшеленеді. Бұл бағыт – тілдің ғана емес, этнолингвистиканың, когнитивтік лингвистика мен мәдениеттанудың да өзекті зерттеу саласына айналып отыр.

Дегенмен, түркология мен қазақ тіл білімінде түр-түс атауларының тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың түркі тілдеріндегі қолдану жүйесін кешенді түрде қарастырған іргелі ғылыми еңбектер әлі де жеткіліксіз. Бұл мәселені арнайы назарға алып, терең зерттеген ғалымдардың бірі – академик А.Н.Кононов болды. Ол түркі тілдеріндегі түстердің семантикасын, жүйелену жолдарын және географиялық терминдердегі қолданысын арнайы талдаған бірқатар еңбектер жариялаған. Олардың ішінде: «Семантика цветообозначений в тюркских языках», «Способы и термины определения стран цвета у тюркских народов», «О семантике слов «ақ» и «қара» в тюркской географической терминологии» атты зерттеулерін атап өтуге болады.

Бұл еңбектер түр-түс атауларының лексикалық, семантикалық, мәдени-символдық қырларын ғылыми тұрғыдан ашуға жол салған алғашқы кешенді талдаулар ретінде маңызды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Мақаланы жазу барысында негізінен ономастика, салыстырмалы лингвистика, семантика және когнитивті лингвистика салаларындағы әртүрлі авторлардың еңбектерін, монографияларын және ғылыми басылымдарын басшылыққа алдық. Бұл жұмыстарда қазақ және түрік тілдерінің топонимдік жүйелері, түркі тілдеріндегі түс атауларының семантикалық ауысуы мен символизмі тікелей немесе жанама түрде қарастырылады. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы-типологиялық әдіс (қазақ және түрік тілдеріндегі түс атауларының топонимдердегі қолданылуындағы ұқсас (ортақ түркілік) және айырым (жеке даму кезеңіндегі) ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың функционалдық тепе-теңдігін немесе ауытқуын айқындауға), семантикалық-функционалдық талдау әдісі (топоним құрамындағы түс атауларының тек дескриптивті (шынайы түсті білдіру) қызметі), метафоралық (үлкендік, қасиеттілік, бағыттық) және символдық мағыналарды берудегі функционалдық өзгерістерін терең талдауды қамтамасыз етті. Сонымен қатар диахронды талдау әдісі арқылы түс атауларына негізделген топонимдердің көне түркілік негізден қазіргі заманға дейінгі тарихи дамуындағы өзгерістерді (әсіресе олардың бағыттық мағыналарының сапалық мағыналарға ауысу процесін) зерттеу үшін және факторлық талдау әдісімен топонимдердің пайда болуына және мағынасының қалыптасуына әсер ететін факторлар (географиялық ерекшеліктер, этнографиялық дәстүрлер, мәдени-танымдық ерекшеліктер және т.б.) топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Осы әдістердің кешенді қолданылуы қазақ және түрік ономастикасындағы колоративті лексиканың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты ашып, олардың тілдік жүйедегі орнын ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді.

### Талқылау

Қазақ тіліндегі жер-су атауларында жиі кездесетін түр-түс атаулары барлық жағдайда бірдей мағынада қолданылмайды. Керісінше, олар табиғи ландшафттың ерекшеліктерін, географиялық бағытты, кеңістіктегі орналасу жайын, табиғат құбылыстарын немесе екі нысанның өзара салыстырмалы сипаттамасын көрсету мақсатында әртүрлі семантикалық реңктерге ие болады. Мұндай қолданыс тек қазақ халқына тән жергілікті құбылыс емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ, көне замандардан бері сақталып келе жатқан космогониялық және геосимволдық дәстүрдің тілдік көрінісі.

Қазақстандағы географиялық атауларды зерттеудің алғашқы қадамдары XIX ғасырдың екінші жартысында жасалды. Бұл бағытта П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, Ш. Уәлиханов және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты. Олар өзендер, көлдер, таулар, жоталар, асулар және басқа да географиялық нысандарды зерттеп, сипаттама берді. Әсіресе таулардың қалыптасу тарихын зерделеуге ерекше назар аударылып, осы мәселеге арналған ғылыми мақалалар жарияланды.

1863–1885 жылдары П. П. Семёнов-Тян-Шанскийдің редакциясымен жарық көрген «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігінде» Қазақстан аумағында кездесетін географиялық атаулар тізбесі берілген. Бұл еңбектің ерекшелігі – атаулар құрамындағы географиялық терминдердің дефис арқылы бөлініп көрсетілуі және қазақ тілінен аударылған терминдердің мағынасының жақша ішінде берілуі болып табылады. Аталған сөздік қазіргі топонимика ғылымы үшін аса құнды дереккөз саналады, себебі онда географиялық атаулар мен олардың мағыналары ғана емес, сонымен қатар нысандардың өзіндік ерекшеліктері де сипатталған.

Қазақ ғалымдарының ішінде Ш. Уәлихановтың еңбегі ерекше орын алады. Оның «Қазақтардың космогониялық түсініктері» атты мақаласында аспан денелерінің қазақ мәдениетіндегі рөлі және осы түсініктердің топонимдердің қалыптасуына ықпалы қарастырылады. Уәлиханов қазақ топонимиясына қатысты еңбектерінде 3000-нан астам географиялық атауды тіркеген, олардың шамамен 2600-ін түркі тектес деп анықтаған. Сонымен қатар оның еңбектерінде сол кезеңге қатысты 500-ден астам микротопоним туралы деректер келтірілген (Рысберг, 2010: 24).

Қазақ топонимикасын зерттеуде Г.К. Қоңқашпаевтың еңбегін ерекше атап өту қажет. Ол 1949 жылы «Қазақ халқының географиялық терминдері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Зерттеу барысында ғалым географиялық терминдердің шығу төркінін талдап, оларды белгілі бір белгілеріне қарай жіктеген. 1963 жылы Қоңқашпаев «Қазақстанның географиялық атаулары сөздігін» құрастырып, онда түркілік топонимдермен қатар моңғол, араб және парсы тілдерінен енген көптеген кірме атауларды да тіркеген (Қоңқашпаев, 1963: 42).

Сондай-ақ Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, Ә. Әбдірахманов, Ә. Нұрмағанбетов, О. Сұлтанияев, Е. Керімбаев, Г.Мәдиева сынды зерттеушілердің еңбектерінде топонимика мен антропонимика салалары этимологиялық, құрылымдық, семантикалық тұрғыдан жан-жақты талданғаны белгілі. Алайда осындай ауқымды зерттеулерге қарамастан, топонимдер құрамындағы түр-түс атауларының семантикасы арнайы ғылыми нысан ретінде әлі де жүйелі зерттелмеген, тың да өзекті мәселе.

Түр-түс атаулары, әсіресе қара, ақ, көк, сары, қоңыр, қызыл сияқты лексемалар, көбіне дүниенің төрт тарапын – шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстікті – білдірумен қатар, табиғи-географиялық кеңістіктегі бағдар ретінде де қолданылады. Мысалы, «Қаратау», «Ақсу», «Көкше», «Сарыарқа» сияқты атаулар белгілі бір өңірдің бедерін, суын, түсін, климаты мен топырақ түрін сипаттаумен қатар, кеңістіктегі орын-бағыт ұғымын да қамтиды.

Қазақ халқы – сан ғасырлар бойы табиғатпен етене тіршілік етіп, оның заңдылықтары мен құбылыстарына ерекше мән берген этнос. Бұл – көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Табиғатқа бейімделе өмір сүрген халық қоршаған ортаның ерекшеліктерін,

климаттық жағдайларын, су көздерін, жер бедерін, өсімдік пен жайылым ерекшеліктерін терең меңгерген. Осындай танымның нәтижесінде жер-су атауларының құрамында түр-түс арқылы берілетін бейнелі, сындық сипаттамалар қалыптасқан.

Сонымен қатар табиғаттың қолайсыз жағдайлары немесе ерекше бедерлік пішіндері де түр-түс арқылы бейнеленіп, жер атауының мағынасына тереңдік береді. Мәселен, «Қарасор», «Қызылжар», «Сарыөзек», «Көкше» секілді атауларда сол жердің топырағының құрамы, суының түсі, тауының сипаты, өсімдігінің жамылғысы түстік белгі арқылы берілген. Бұл атаулар тек бейнелік сипатта емес, сонымен қатар навигациялық, функционалдық рөл де атқарған. Шығыс Түркістандағы басқа да жер-су атауларына қатысты тарихи-этимологиялық, лексикалық тілдік талдаулар да жасайды. «Қызыл су», «Қызыл», «Қызыл өзен», «Ақсу», «Ақ өзен» деген топонимдердің түркілік негізде екендігін айтады. Жоғарыда аталған «базар» сөзімен тіркескен атауларға қарағанда бұл атаулардың ескі қабаттарды білдіруі мүмкін деп болжайды. Сондай-ақ, Орта Азиядағы жер-су атауларын қазіргі таңда бар немесе жойылып кеткен түркі тілдері туралы бүгінгі білімімізбен түсіндіруге болмайды (Бекеева, 2025:211).

Шығыс Түркістандағы басқа да жер-су атауларына қатысты тарихи-этимологиялық, лексикалық тілдік талдаулар да жасайды. «Қызыл су», «Қызыл», «Қызыл өзен», «Ақсу», «Ақ өзен» деген топонимдердің түркілік негізде екендігін айтады. Жоғарыда аталған «базар» сөзімен тіркескен атауларға қарағанда бұл атаулардың ескі қабаттарды білдіруі мүмкін деп болжайды. Сондай-ақ, Орта Азиядағы жер-су атауларын қазіргі таңда бар немесе жойылып кеткен түркі тілдері туралы бүгінгі білімімізбен түсіндіруге болмайды.

Жалпы алғанда, жер-су атаулары халықтың тілдік санасынан, тарихи тәжірибесінен және дүниетанымынан туындайды. Олар ғасырлар бойы лингвистикалық, тарихи, мәдени өзгерістердің әсерін бастан өткеріп, бүгінгі ұлт болмысының бір бөлігіне айналған. Түр-түс белгілерінің жер атауларындағы көрінісі – қазақ халқының қырағылығын, табиғатпен үйлесімді өмір сүруін, кеңістікті тану қабілетін дәлелдейтін құнды этнолингвистикалық дерек көзі.

Қазақ тіліндегі жер-су атауларында жиі кездесетін түр-түс атауларының бірі – «ақ» сөзі. Бұл лексема тек түсті білдіріп қана қоймай, әртүрлі семантикалық мағынаға ие болуы арқылы кеңістіктік, табиғи және символдық сипаттарды білдіреді. Мысалы, «ақ» сөзі:

- түс ретінде – тазалықты, жарықтықты, мөлдірлікті;
- қимыл мағынасында – «ағу» (мыс: аққан су);
- бағыттық ұғымда – батыс жағын білдіреді.

Осы мағыналық аясында пайда болған топонимдерге Ақбұлақ, Ақтау, Ақшелек сияқты атауларды жатқызуға болады. Ақбұлақ – табиғи су көзінің тазалығын, мөлдірлігін білдіреді. Бұл жерде «ақ» сөзі судың түсіне емес, оның табиғи тазалығы мен қасиетіне қатысты қолданылып отыр. Ақтау – Маңғыстау өңірінде орналасқан. Мұндағы «ақ» сөзі кей жағдайда таудың ақ түсті жынысына, кейде оның батыс жақта орналасуына байланысты қолданылады. Бұл – кеңістіктік бағдар беру қызметін атқаратын атау. Ақшелек – бұл атаудың шығу төркіні нақты болмағанымен, кей деректерде ру атауына қатысты туындаған деп болжайды. Дегенмен, бұл атаудағы «ақ» сөзі әлеуметтік-рулық сипатпен де ұштасуы мүмкін.

Қазақ даласында әрбір жер атауының өзіндік тарихы, табиғи ерекшелігі мен халықтың дүниетанымы тұрғысынан терең мағынасы бар. Солардың бірі – Қаратөбе ауданындағы Ақайдар атты жер атауы. Бұл атау бүгінгі таңда жұртқа аз белгілі болғанымен, оның түп-төркіні мен тілдік негізін зерттеу – қазақ топонимиясы мен мәдениетін тануда маңызды.

Ақайдар – жергілікті халықтың айтуынша, кезінде көл болған өңір. Атаудың өзінде бұл дерек сақталған. Атау екі компоненттен тұрады: «Ақ» және «айдар». Олардың мағынасын ашу арқылы Ақайдардың табиғи келбеті мен атаудың мәнін тереңірек түсінуге болады. Ақайдарда болған көлдің суы мөлдір, таза, сәл ақсұр реңкті болған. Халық «ақ көл», «ақ су» деп дәл осындай таза, тұнық, лайланбаған суларды атаған. Ақайдар – шын мәнінде «ақ

көлдің маңындағы жер» деген мағынаны беретін топоним. Бұл атаудың негізінде көлдің өзі болмаса да, кезінде болған көлдің бейнесі, халық жадындағы көрінісі жатыр. Қазақ даласында көлдердің суы тартылып, орны жазық не сортаң далаға айналған жағдайлар жиі кездеседі. Соған қарамастан, халық сол жерді бұрынғы табиғи бейнесімен есінде сақтап, атауды да өзгеріссіз қалдырады. Бұл – ауызша тарихтың, халық зердесінің бір көрінісі.

Қазақ даласында жер-су атаулары халықтың тарихи жадын, дүниетанымын, тілдік мәдениетін сақтаған рухани код тәрізді. Солардың бірі – Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданындағы «Ақеділ айдыны». Бұл атаудың табиғи сипаты мен тарихи астары бір-бірімен тығыз байланысты. «Ақеділ» сөзі өзінің құрылысы мен мазмұны жағынан бай этнолингвистикалық құбылыс ретінде зерттеуге тұрарлық. Атау тек географиялық нысанның ғана белгісі емес, сонымен қатар түркі халықтарының көне тарихына, мәдени дүниетанымына бастайтын күрделі мағыналық құрылым.

«Ақеділ» атауының түбірі – Еділ, яғни түркілердің ежелгі қонысы және қазіргі Волга өзенінің тарихи атауы. Бұл өзен Еуразия кеңістігіндегі ең ірі өзендердің бірі болумен қатар, түркі тайпалары үшін қасиетті, аңызға айналған мекендердің бірі саналған. Еділ атауы байырғы түркі жырларында, шежірелер мен эпостарда жиі кездеседі. Ол – кең даланың тіршілігіне нәр берген өзен ғана емес, көне түркі өркениетінің бесігі, атақонысы.

«Ақеділ» атауындағы «Еділ» сөзі тек өзенді ғана емес, оның бойында өмір сүрген, тарихта ізі қалған халықтар мен тұлғаларды да білдіреді. Солардың бірі – аты аңызға айналған, көне түркілердің соңғы көсемі саналған Атилла шаньбой (Еділ қаған). Батыс ғұндарының билеушісі болған Атилла – тек жауынгер емес, сондай-ақ түркі мемлекеттілігінің, әскери өнерінің символына айналған тарихи тұлға. Қазақ халқы «Еділ» атын құрметпен еске алып, оны жер-су атауларына кірістіріп отырған» (Рысбергген, 2010:28).

«Ақеділ» атауы – осы тарихи тұғырдың жалғасы, рухани мұраның айғағы. Бұл көлге берілген атау бір жағынан Еділдің бейнесін, түркілердің тарихтағы орны мен көшпелі дүниетанымын жаңғыртса, екінші жағынан жерді, суды қадірлеген халықтың ілтипаты мен ізгі ниетін білдіреді. Жер мен суды қадірлеу – көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін аса маңызды. Малына жайлы, еліне тыныш, суы мол, шөбі шүйгін жерлерді халық ерекше еркелетіп, оларға «ақ» сөзін қосып атаған. Мысалы: Ақсу, Ақжайық, Ақкөл, Ақбұлақ, Ақдала, т.б. «Ақеділ» атауындағы «ақ» сөзі де осы рухани-танымдық жүйенің жалғасы ретінде қарастырылады. Бұл – халықтың Еділ өзенін, оның қасиетін, тарихи символ ретіндегі орнын бағалап, соған деген сүйіспеншілігін білдірген формасы. Яғни, «Ақеділ» – қасиетті, ардақты Еділ, ерке Еділ, пәк, мәңгілік Еділ деген бейнелі мағына береді. «Ақеділ» атауы тек географиялық координат емес, ол – ұлттық жадтың бөлшегі, халық рухының көрінісі. Қазақ жер атауларында жиі кездесетін «ақ» компоненті жер мен суға жан бітіріп, оны адаммен тілдестіретін сипатқа ие. «Ақеділ» осы тұрғыдан алғанда тек көлдің атауы емес, сонымен бірге халықтың өткенін, оның арман-мұратын, жер-суға деген қарым-қатынасын көрсететін рухани нышан.

Қазақ жеріндегі топонимдердің қай-қайсысы болмасын, сол өлкенің табиғи сипаты мен халқымыздың дүниетанымдық көзқарасын, тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін айшықтайды. Қаратөбе ауданында орналасқан «Ақбақай» атты көл атауы да осындай мәні терең, мазмұны бай жер-су атауларының бірі. Бұл атау тек көлдің географиялық нысанын білдірумен шектелмейді, ол сонымен қатар мал шаруашылығымен тығыз байланысты көшпелі қазақ өмірінің болмысын, халықтың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын бейнелейді.

Халық арасында кең таралған бір аңыз бойынша, бұл көлді ертеректе ақбақай түсті ат мекендеген. Сол жануардың ерекшелігі, мінезі не қасиеті жергілікті халықтың есінде ерекше сақталып, кейін бұл көлдің атауына айналған. Қазақ фольклорында, мифологиясында немесе күнделікті тіршілігінде малға байланысты қалыптасқан таным мен сенім өте терең. Малдың түсіне, жүріс-тұрысына, дене бітіміне қарап ат қою, ерекше жануарларды қадірлеп, оларға байланысты жер атауларын сақтау – қазақ этномәдениетінің көрінісі.

«Ақ» сөзі – бұл атаудағы негізгі мағыналық өзек. Қазақ тілінде «ақ» лексемасы түстік атаудан бөлек, символдық-мәдени мәнге ие. Этнолингвистикалық тұрғыдан «ақ» сөзі тазалықтың, пәктіктің, қасиеттіліктің, игіліктің нышаны ретінде саналады. Қазақ халқында «ақ тілек», «ақ ниет», «ақ жол», «ақ батадан» бастап, «ақ мал» мен «ақ үйге» дейінгі тіркестер – бәрі осы сөздің рухани маңызын танытады. Бұл түс малға қатысты айтылғанда да ерекше мәнге ие. Әсіресе жылқы түстері қазақ мәдениетінде терең сипатталған. Мысалы, «ақ боз ат» – ерліктің, арманның символы болса, «ақбақай» – нақты бір түсті сипаттаумен қатар, сол жануарға берілген еркелету, қадірлеу атауы. Демек, «ақ» сөзі бұл атауда жылқы малының түсін ғана емес, сонымен қатар халықтың ол жануарға деген ілтипатын білдіреді.

Тағы да «ақ» сөзі қолданылған ерекше атау – «Аққайраң» атауы. «Батыс Қазақстан өңіріндегі Аққайраң атауы – осындай табиғи орта мен рухани танымның астасуынан туған күрделі мағыналы гидроним. Бұл атау Ақжайық (бұрынғы Тайпақ) ауданында кездесетін, Жайық өзенінің бойындағы су айдынының белгілі бір бөлігін белгілейтін атау ретінде ерекшеленеді» (Жанұзақов, 2008: 158).

«Аққайраң» сөзінің құрамындағы «қайраң» – қазақ тілінде өзіндік мағынасы бар көне ұғым. Халық күнделікті тіршілігінде өзен-көлдердің бедерін, құрылымын жіті бақылап отырған. Осы байқаудың негізінде қалыптасқан «қайраң» сөзі – өзеннің немесе көлдің тайыз әрі түбі көрініп жататын, көбіне құмды немесе шөбі сирек жері дегенді білдіреді. Бұл – өзен-көлдің қайық немесе сал өтпейтін жері, мал мен адам жаяу жүріп өтетін тұстары. Махамбет Өтемісұлының атақты:

*Қайраңнан алған шабақтай,  
Қия бір соғып ас етсем...*

деген өлең жолдары осы ұғымды нақты сипаттайды. Мұндағы «қайраңнан алған шабақ» теңеуі арқылы ақын – жазық, ашық, ұсталуға оңай жердегі әлсіздікті бейнелеген. Бұл да «қайраң» сөзінің әдеби қолданыстағы семантикалық аясының кеңдігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Аққайраң атауы – балық атауына негізделген емес, географиялық бедердің ерекшелігінен туған атау деуге толық негіз бар.

Аққайраң атауындағы «ақ» сөзі, бір жағынан, өзеннің сол бөлігінің суы мөлдір, түбі ақшыл құм немесе саз топырақты болуы мүмкін екенін, екінші жағынан, табиғи тазалық пен жазықтықты білдіреді. Халық мұндай жерлерді эстетикалық немесе шаруашылық маңыздылығына байланысты «ақ» сөзімен атаған.

Сонымен «ақ» түсі қолданылған елді-мекендер мен жер-су атаулары тілімізде өте көп. Бұл қатарға Ақжол, Ақжыра, Ақберлі, Ақбаян, Ақболат, Ақбас, Ақбай, Ақбалшық, Ақкөл, Ақкүтір, Ақкүшік, Аққайраң, Аққасқа, Ақкөлмек, Аққозы, Аққора, Аққұс, Аққұм, Аққыстау, Аққұдық, Ақмектеп, Аққора, Ақмешіт, Ақмола, Ақорда, Ақтау, Ақсуат, Ақсай, Ақшолан, Ақтомар, т.б.

Ал «қара» сөзі де қазақ топонимиясында кең тараған, көпқабатты мағынасы бар лексема. Түр-түс мағынасынан тыс, «қара» сөзі:

- қою, қалыңдықты;
- мөлдірлікті, (қара су – тұнық су);
- жер немесе топырақ ұғымын білдіреді.

Мысалы: Қарақамыс – қыстау атауы. Мұндағы «қара» сөзі «қалың» деген мағынада қолданылған. Яғни, атау «қалың қамысты жер» деген ұғымды береді. Қарасу – көл атауы. Бұл жерде «қара» сөзі жер немесе терең, тұнық су мағынасында берілген. Судың түсі емес, оның табиғи қасиеті мен кеңістіктегі сипаты баса көрсетіледі. «Қарасаз – сазды жердің атауы. Мұндағы «қара» сөзі «жер» мағынасында. Бұл атау жер бедері мен табиғи ортаға тікелей байланысты. Сазды жерлерде жерасты суы жер бетіне тым жақын орналасатындықтан, мұндай жерлер батпақты, ылғалды келеді. Осы ерекшеліктерді бейнелеу

үшін «қара» сөзі «саз» ұғымымен бірігіп, «жер-су» ұғымының бірлігін білдіретін күрделі атау жасалған» (Қойшыбаев, 1985: 102).

Қара сөзі топонимдер құрамында түсті ғана емес, «үлкен» деген мағынаны да білдіреді. Ғалым талдауына сүйенсек: «...Эпопеяда Қара Ертіс атауы бір-ақ рет қолданылыпты. Ертіс өзенінің бас жағы, Шығыс Қазақстанда Қара Ертіс аталатыны көпке аян. Осы тектес Қаратау, Қарадария, Қаракұм, Қараарша, Қараалаң тәрізді топонимдер де әр жерде кездеседі. Бұлардың бірінші сыңарларындағы қара сөзі «зор», «үлкен», «аса дәу» деген мағыналарды білдіретіні де көпке аян. Тіліміздегі Қара күш иесі, қара аруақ, қара дәу сияқты сөз тіркестерінің мағыналары да бұған ұқсас» [Қазақ ономастикасының мәселелері, 1986: 72]. Қазақ тіліндегі фольклоротопонимдер құрамынан кездесетін «ақ» және «қара» түстерінің мағынасы туралы ғалымдар мынадай талдауды көрсетеді: «... жазық далада бір ғана тау тұрса «тау» деуге болады, ал екі тау тұрса, міндетті түрде екеуінің екі түрлі белгісін білдіретін сөз кіргізу қажет: Ақтау, Қаратау немесе гидронимге байланысты Ақсу, Қарасу, Көксу, Ақтеңіз, Қаратеңіз т.с.с.» (Бияров, Мергенчина, 2007: 2).

Қазығұрт өңірінің топонимиялық атауларын зерттеп, оған этнолингвистикалық талдау жасаған ғалым Б.Тасполатов өз еңбектерінде бұл аймақтың жер-су атауларында түр-түске қатысты географиялық атаулардың жиі кездесетінін атап өтеді. Зерттеуші атап көрсеткендей, «Қазығұрт топонимиясында «қара, ақ, қызыл, сары, көк, боз» сияқты сын есімдер жергілікті географиялық нысандардың атауларында кеңінен қолданылады. Бұл түсті білдіретін лексемалар, негізінен, нысанның нақты түсін, сыртқы көрінісін немесе табиғи ерекшелігін сипаттай отырып, тау, төбе, тас, бұлақ, су, құм, сай сияқты географиялық объектілерді айқындау мен даралауға қызмет етеді» (Тасполатов, 2010: 17).

Ғалымның пайымынша, мұндай атаулардың пайда болуында қазақ халқының табиғатты бақылау қабілеті, көргенін тілдік таңбаға айналдыра алуы, сондай-ақ кеңістікті бейнелі әрі нақты тілмен белгілеу дәстүрі ерекше орын алады. Мәселен, Қазығұрт өңіріндегі Қараоба, Ақбастау, Қызылтөбе, Сарықия, Көкбұлақ, Бозтөбе сияқты атаулар – табиғи нысандардың түр-түстік сипаттары арқылы атауға ие болған, әрі олар кеңістіктік бағдар беріп, жердің ерекшелігін нақтылап тұратын этнолингвистикалық кодтар болып табылады. Бұл атаулардың әрқайсысы тек тілдік бірлік қана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымның, табиғатпен тығыз байланыстағы өмір салтының және кеңістікке деген мәдени қатынастың белгісі ретінде құнды. Түр-түс арқылы жасалған мұндай атаулар жер бедерінің морфологиялық бейнесін, өсімдік жамылғысының ерекшелігін, топырақ құрамын, кейде мифологиялық немесе тарихи нақтылығын да білдіруі мүмкін.

«Қара ағаш» атауы. Бұл атау – өз мағынасын халық жадынан, тіл табиғатынан, экологиялық болмыстан алып тұрған көрнекті топоним. Қараағаш атауы, бір қарағанда, қарапайым өсімдік атауына ұқсап көрінуі мүмкін. Алайда оның астарында терең табиғи әрі этнолингвистикалық мән жатыр.

Қараағаш – бұл жер атауы ғана емес, сонымен бірге жергілікті экожүйенің маңызды элементіне айналған, құмды алқаптарда кездесетін ерекше өсімдікке қатысты қойылған атау. Қазақстанның батыс өңірінде, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының құрғақ, сусыз жерлерінде сексеуіл сияқты шөлге төзімді өсімдік түрлері өсіп жетіле бермейді. Мұндай жағдайда қараағаш табиғаттың өзі ұсынған балама болып табылады. Ол құм көшкіндерін тоқтата алатын, құрғақшылыққа бейімделген, тамыры тереңге бойлаған, өміршең ағаш ретінде танымал. Табиғи функциясы жағынан қараағаш осы аймақтың флоралық тепе-теңдігін сақтауда ерекше рөл атқарады. Сондықтан бұл ағаш өсетін жер халық санасында ерекшеленіп, біртіндеп елді мекен атауына айналған.

«Ағаш» сөзі – топырақтың түріне, ылғалдың мөлшеріне, климаттың жағдайына қарай қалыптасқан өсімдікті білдіретіні анық. Ал бұл сөзбен тіркесіп келген «қара» сөзі қазақ тілінде өте кең мағынаға ие. Этнолингвистикалық тұрғыдан «қара» сөзі бірнеше мазмұндық деңгейде қолданылады. Кейбір топонимдер мен тіркестерде ол «қалың», «ну», «көлеңкелі»,

«тұрақты», «сабырлы», «берік» деген мағыналарды білдірсе, кей жағдайда тікелей түстік сипаттағы қара түс ұғымында жұмсалады. Қараағаш атауындағы «қара» сөзі – осы соңғы, тура мағынасында қолданылып тұр. Бұл – ағаштың түсіне, яғни қабығының қою реңіне, әрі оның табиғи ерекшелігіне байланысты берілген атау.

### Зерттеу нәтижелері

Қазақ даласында қалыптасқан жер-су атаулары халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымының, тілдік талғамының айқын көрінісі ретінде сақталып келеді. Әрбір топоним белгілі бір географиялық кеңістікті ғана емес, сол кеңістікте өмір сүрген халықтың тұрмыс-салты мен тарихи жадысын да сипаттайды. Осындай атаулардың бірі – Сырым ауданындағы «Қарабөлек» елді мекені. Бұл атау семантикалық құрылымы жағынан күрделі, әрі лексикалық құрамында сирек ұшырасатын элементтерді қамтитын, тарихи-әлеуметтік мәні терең топоним ретінде ерекшеленеді.

Қарабөлек атауы екі құрамдас бөліктен тұрады: «қара» және «бөлек». Қазақ топонимиялық жүйесінде бұл сөздердің әрқайсысының өзіндік орны мен қолданыс ерекшелігі бар. Ең алдымен, «бөлек» сөзіне назар аударған жөн. Бұл компонент қазақтың жерге иелік ету, оны әкімшілік тұрғыдан реттеу және ұйымдастыру тәжірибесінен туындайды. «Тарихи тұрғыдан алғанда, «бөлек» сөзі – территорияны белгілі бір бөліктерге бөлу, шекаралау, әкімшілік немесе әлеуметтік-рулық аймақ ретінде айқындау ұғымымен байланысты» (Жанұзақов, 2008: 236). Мұндай атаулар, әсіресе, жер өңдеумен айналысқан, отырықшы немесе жартылай отырықшы халықтар мекендеген өңірлерде жиі кездеседі. Бұл, өз кезегінде, Қарабөлек мекенінің тек көшпелі мал шаруашылығына ғана емес, отырықшылық элементтері араласқан тіршілік салтымен де сабақтас болғанын көрсетеді. «Бөлек» сөзі өздігінен оқшаулану, оқшау аймақ, бөліс, шекара мағынасын білдіруі мүмкін. Қазақ қоғамының тарихи құрылымында, әсіресе хандық дәуірлер мен отарлық кезеңде, елді әкімшілік бөліктерге – болыс, ауыл, бөліс, округ тәрізді бірліктерге бөлудің нақты жүйесі болған. Осы тұрғыдан келгенде, Қарабөлек атауы сол замандардағы бір рудың, тайпаның немесе әлеуметтік топтың шекаралық аумағын білдіру үшін пайда болған атау. Бұл – жердің тарихи-әлеуметтік құрылымдағы орнын, саяси-территориялық мәнін білдіретін тілдік белгі.

Аталған атаудағы «қара» сөзі – қазақ тіліндегі ең кең қолданыстағы әрі мағыналық өрісі аса ауқымды сын есімдердің бірі. Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, «қара» сөзі қазақ тілінде тек қара түсті ғана білдірмейді, ол сондай-ақ «көне», «негізгі», «іргелі», «қарапайым», «тұрақты», «қауымдық», «қалың», «жергілікті» сынды ұғымдардың баламасы ретінде де жиі қолданылады. «Қара халық», «қара шаңырақ», «қара жол», «қара жер» тәрізді тіркестерде бұл сөздің символдық мәні ерекше: ол мұнда негізгі, бастапқы, түп, іргелі деген астарлы мазмұн береді.

Қарабөлек атауындағы «қара» сөзі де осы мәндерге ие болуы мүмкін. Біріншіден, ол бұл бөліктің өзге аймақтарға қарағанда бұрын қалыптасқан, көнеден келе жатқан, жергілікті қауымға тиесілі мекен екенін көрсетеді. Екіншіден, бұл сөз сол аумақта мекендеген қауымның әлеуметтік мәртебесін сипаттайтын белгі ретінде де қызмет атқаруы мүмкін. Яғни, «қара» сөзі – бұл жағдайда «қараша халыққа», яғни қарапайым қауымға тиесілі, солардың иелігіндегі «бөлек» деген ұғымды толықтырып, нақтылап тұр. Қорыта айтқанда, Қарабөлек атауы – қазақтың тарихи-әлеуметтік құрылымы мен экологиялық кеңістікті тану тәжірибесінің тоғысқан тілдік көрінісі.

Қазақтың жер-су атауларында халықтың табиғатпен етене байланысы, ғасырлар бойғы тәжірибесі мен рухани танымы шебер ұштасып отырады. Әсіресе, суға қатысты атаулар – гидронимдер – елдің тіршілік арнасы болған өзен-көлдердің, бұлақтар мен құдықтардың, шегенделген су көздерінің тек географиялық емес, әлеуметтік-мәдени бейнесін де бейнелейді. Осындай күрделі құрылымдағы және мәні терең гидронимдердің бірі – «Қаракөбік» атауы. Бұл атау қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық (бұрынғы Тайпақ)

ауданында кездеседі және өз құрамындағы лексемалар арқылы тұтас бір тарихи-этнографиялық қабатты бейнелейді.

«Қаракөбік» атауы екі бөліктен тұрады: «қара» және «көбік». Мұндағы «көбік» – қазақтың дәстүрлі тіршілігінде жиі қолданылатын ұғым. Ол, ең алдымен, қолмен немесе арнайы құралмен қазылған су көзі, құдық, кейде тұнған суы бар, шегенделген шұңқыр деген мағынада қолданылады. Далалық жағдайдағы тіршілік үшін көбік – шөл мен құрғақшылықта тіршіліктің бірден-бір көзі. Ертеде мұндай көбіктерді қазақтар қолмен, белағашпен, күрекпен қазып, оның айналасын таспен, шөппен бекітіп, су алуға қолайлы етіп жасайтын болған. Уақыт өте келе геологиялық зерттеу жұмыстары дамып, жер асты суын іздестіру әдістері де күрделене түсті. Осылайша, көбіктерді қолмен қазудан геологиялық әдіспен «аттырып» (бұрғылау арқылы) қазуға көшкен. Мұндай әдіспен жасалған көбіктер өте терең болып келеді және тұрақты әрі мол су беретін болған.

Осы ретте, «қара» сөзі бұл атауда символдық сипатта қолданылған. Этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, «қара» сөзі қазақ тілінде тек түсті ғана емес, кең көлемді, терең, күрделі, іргелі, байырғы, ауыр, салмақты деген мағыналарды да береді. «Қаракөбік» атауында да бұл компонент «терең», «түпсіз», «мол суы бар» деген мәнді білдіріп тұр. Демек, бұл атаудағы «қара» сөзі судың көптігін, оның табиғи тереңдігін, қараңғы түбін, тұнбасын немесе қазу жұмыстарының күрделілігін меңзейді. Мұндай атаулар жергілікті тілдік сананың, тарихи-әлеуметтік тәжірибенің, дүниетанымның бірігуінен туындайды.

«Қара» сөзі қолданылған жер-су атаулары Қазақстан жерінде өте көп, мәселен: Қаракемпір, Қарағанды, Қарақұм, Қараой, Қарабалық, Қарабөгет, Қарабас, Қаратерең, Қаратал, Қаратопан, Қаратоқай, Қарашаң, Қарашығанақ, Қараөзен, Қарасор, Қарасай және т.б.

Түрік топонимиясында да «ақ» компоненті жиі кездеседі және ол қолданылған атаулардың тек физикалық сипатын ғана емес, сонымен қатар олардың рухани, мәдени және тарихи құндылығын білдіреді. «Ақ» сөзі түрік тілінде негізінен ақ, жарық, таза, мөлдір, пәк, адал, қасиетті деген мағыналарда қолданылады. Осы ұғымдар арқылы түріктер кеңістікті де, адамды да, табиғи нысандарды да сипаттап отырған. Этнолингвистикалық тұрғыдан «ақ» сөзі халық санасында оң образдың символы ретінде орныққан. Бұл түс тазалық пен тазалықты ғана емес, адалдық, шыншылдық, пәктік және биіктік сияқты моральдық категориялармен тығыз байланыстырылады.

Түрік халқында «ақ» түсіне қатысты «Ақынар» деген жердің атауы бар. Құрамындағы сөздер: Ақ (ақ) + ынар (бұлақ, қайнар). Мағынасы: «Ақ бұлақ», яғни таза, мөлдір қайнар су көзі. «Бұлақтың суы мөлдір, ағындақ болғандықтан, халық оны «ақ» деп сипаттайды. Бұл жерде де «ақ» сөзі тазалық, өмір бастауы, рухани тазалық ұғымдарымен байланысты» (Яғмур, 2005:4). Ақынар атаулары көбіне құрғақшылық аймақтарда кездеседі және ол жергілікті халық үшін өмірдің көзі ретінде қабылданған.

«Ақсау» атауы. Мағынасы: «Ақ өзен», яғни таза, жарық, ағымды өзен. Мұнда «ақ» сөзі судың түсінен гөрі, оның қозғалысын, тазалығын сипаттайды. Көне түркі түсінігінде ағып жатқан су – тіршіліктің, тазалықтың, үздіксіздіктің символы. Ал түрік халқының танымында «ақ» сөзі өзенге тіркелгенде ол адамдар үшін қолайлы, тіпті қасиетті аймақ деп қабылданған.

Сондай-ақ, біздегі «Ақтөбе» секілді түрік халқында «Актере» деген жер атауы бар. Мұндағы «тере» сөзі жоталы жер деген мағынаны береді. Географиялық тұрғыдан, төбе ақ борлы жыныстардан немесе ашық түсті топырақтан тұруы мүмкін. «Сонымен бірге, жоғары орналасқан жерлердің күн сәулесін көп түсіретін, «жарық» тұстарын білдіру үшін де «ақ» сөзі қолданылған. Әрі бұл жер түріктерде «құрмет тұтылатын, шолу жасауға немесе күзетуге арналған биік орын» болған» (Доған, 1982:210). Осы атауға ұқсас «Ақташ» атауы бар. Бұл атау тек түс сипаттамасы ғана емес, киелі орын ретінде де қабылданады. Ертеде ерекше

пішінді тастар тотемдік, діни мағынада қолданылған. Түрік халқы мұндай жерлерді әулиелі орын, тілек тастары деп те атайтын.

Сондай-ақ, топонимиялық тұрғыдан алғанда, «Akşehir» атауы – «Ақ қала» деген мағына береді. Мұнда «ақ» сөзі қаланың мәртебесін, оның рухани биіктігін, мәдени тазалығын және ерекше маңызын көрсетеді. Бұл атау арқылы түріктер қаланы жай ғана географиялық нүкте емес, киелі, құрметті, мәдени орталық ретінде сипаттайды. Яғни, «ақ» сөзі мұнда эстетикалық және рухани тұрғыдан жоғары баға берудің тәсілі болып тұр. Түрік дүниетанымында ақ түс – жарықтың, әділеттің, шындықтың, тазалықтың, бейбітшіліктің белгісі. Сондықтан «ақ» сөзі қолданылған топонимдер белгілі бір табиғи немесе әлеуметтік нысанның маңыздылығын, тазалығын, қасиеттілігін білдіреді.

Түрік топонимінде «Karagöl» атауы бар. Қазақша аударсақ, Қаракөл болады. Бірақ мұндағы «қара» сөзі бірден үш мағынаны береді. Бұл туралы зерттеуші С.Сақағлу былай жіктеп, түсіндіреді: ««Қаракөл» – түсі қою, терең немесе орман арасындағы көл. «Қара» сөзі не үшін қолданылған: көлдің түбі терең, суы тұнық әрі қара, орман ішіне немесе тау арасындағы көлеңкелі жерде орналасқан, атаудағы «қара» түс табиғаттың жабықтығын, сырлы болмысын да меңзейді» (Сақағлу, 2001: 489). Сондай-ақ, біздің пайымдауымызша, көптеген «Қаракөл» атауына ие көлдер аңыз-әпсаналармен байланысты. Бұл атаулар көбіне жоғарыдағылар мен астыңғы әлем арасындағы шекара ретінде сипатталады.

«Karaburun» атауы. Құрамындағы сөздер: Кара (қара) + burun (мүйіс, шығанақ). «Қарабұрын» түрік теңіз жағалауларындағы кең таралған атау. «Ол жиі теңіз апаттары, шайқастар, аңыздармен байланысты қойылған» (Сақағлу, 2001: 400). «Қара» сөзі – қауіпті аймақ деген белгіні де береді. Себебі мұндай мүйістер көлеңкелі немесе күн аз түсетін, қара жынысты тастан құралған, қауіпті өткел кемелер үшін кедергі болуы мүмкін. Сондықтан «қара» сөзі бұл жерде тек түс сипаттамасы ғана емес, қорқыныш тудыратын, қауіпті орын деген түсінікке де ие. Мысалы, Түркияның батысындағы Эгей теңізіне шығып тұрған Karaburun түбегі – күрделі теңіз навигациясы, тас жолсыз, табиғаты жабайы жер ретінде танымал. Бұл жер «қара» сипаттамасына толық сәйкес келеді.

Кара сөзі тек «қара түсті» білдіріп қана қоймайды. Оның мағынасы семантикалық жағынан терең, кең және көпқабатты. Этнолингвистикалық тұрғыда кара сөзі көбінесе кеңістік, уақыт, әлеуметтік және тарихи құбылыстарды сипаттауда қолданылады. Түрік тілінде бұл сөз белгілі бір географиялық нысанның түсіне ғана емес, оның көлеміне, салмағына, тарихи мәніне, қауіптілігіне, тереңдігіне немесе киелілігіне қатысты сипаттама бере алады.

Мысалы, «Karadeniz» (Қаратеңіз) атауындағы «қара» сөзі бұл теңіздің физикалық ерекшелігінен – тереңдігінен ғана емес, оның асау табиғатынан, қатал климатынан, теңізшілер үшін қауіптілігімен де байланыстырыла қолданылып отыр. Сонымен қатар бұл теңіз тарихи тұрғыда көптеген өркениеттер мен сауда жолдарының, шайқастар мен өркениеттік бетбұрыстардың куәсі болған маңызды аймақ. Сондықтан да, «қара» сөзі мұнда тарихи және символдық тереңдікпен ұштасып жатыр. Karadağ (Қаратау), Karabük, Karaman, Karaköy, Karagöl секілді түрік топонимдерінде «қара» сөзі көбіне физикалық ерекшелікті ғана емес, тарихи жүктемесі бар кеңістік ретінде де қызмет атқарады. Бұл атаулардың көпшілігі тарихи тұрғыда маңызды аймақтарда орналасқан және белгілі бір мәдени-өркениеттік мағынаға ие. Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, түрік дүниетанымында «қара» сөзі – тек негатив мағынада емес, көбіне терең құрметті, салмақты, көнелікті білдіретін концепт. Халық ауыз әдебиеті мен эпостарда, тарихи шежірелерде бұл сөздің қолданылуы да соны көрсетеді. Мысалы, «Kara gün» (қара күн) тіркесі қиындықты, ауыр кезеңді білдіреді, бірақ ол тек қаралы мағынада емес, сабырлық пен төзімділікті де меңзейді. Демек, «қара» сөзі – эмоционалды салмағы бар, кең өрісті танымдық ұғым.

Ғалым Қ.Рысберген «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері» атты еңбегінде топонимдер құрамындағы түр-түс атрибуттарының түрлі

сипаттағы (ландшафттық, соматикалық, заттық-артефактік т.б.) апеллятивтік атаулармен кездейсоқ емес, талғамалы, «таңдамалы» сипатта тіркесетінін дәлелдеп береді. Ол басқа түстерге қарағанда тілімізде «қара» сөзімен келген топонимдер басым екендігін атап кетеді. «Ұлттық топономиядағы мәдени кодтардың барлығы дерлік репрезенттелген, бірақ басымдылығы жағынан өзге мәдениеттердегідей, соматикалық код пен кеңістік кодтары бірінші орында тұрады. Қазақ топономиясындағы соматикалық атаулар адам тәнінің параметрлеріне сай номинацияланып, адамның төбесінен табанына дейін кодта репрезенттеледі» (Рысбергген, 2010:13), - дейді ғалым. Бұл тұста түр-түстердің де атқаратын рөлі ерекше. Мысалы: Қарақас, Ақкөзқайнар, Ақтөбе, Ақмандай, Қарашаш және т.б.

Сондай атаулардың бірі – «Сарыарқа» атауы. «Сарыарқа» – қазақ даласындағы үлкен аймақтың атауы және бұл атаудың мәні терең. Кеңістік, ашықтық – қазақ тілінде «сары дала», «сары бел», «сары жон» деген тіркестер бар. Мұнда «сары» – кең, шексіз, ашық деген мағына береді. Көне түркі тілінде – «сары» сөзі кейде «үлкен, кең, құрғақ» деген ұғымдарды білдіреді. Осылайша, «сары» сөзі бұл жерде кең, ашық, далалы аймақты білдіреді.

«Арқа» – тікелей географиялық және этнографиялық ұғым береді. Ол «арқа сүйеу», «адамның арқасы» деген мағынамен де байланысты, бірақ географиялық тұрғыда мағыналары мынадай: жоғарғы жағында орналасқан аймақ – яғни бел, арқалық, таулы немесе қыратты аймақ. Қазақта «Арқаның қысы қатты» деген тіркес бар – бұл «арқа» деген жер атауы нақты аймақты білдіреді: қазіргі Орталық Қазақстанды, атап айтқанда Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Ұлытау өңірлерін меңзеп тұр. Арқа – Сарыарқаның солтүстігіндегі көтеріңкі, кең жазық далалар мен аласа таулы қыраттар жүйесі. Бұл атау – Орталық Қазақстанның табиғи келбетіне сай берілген: аласа таулар, ұлан-ғайыр жазық дала, сары шөп басқан шөлейтті өңір. Айта кетейік, Сарыарқа атауы көне замандардан бері белгілі, ол түркі, қазақ фольклорында, жыр-дастандарда кездеседі. 2008 жылы ЮНЕСКО «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері» аймағын дүниежүзілік мұралар тізіміне қосты.

Түстік семантика мен ауру атауының өзара байланысы – тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсететін этнолингвистикалық құбылыс. Мұндай атауларды зерттеу – халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесін тіл арқылы танудың маңызды жолы.

Тағы бір қызықты жайт: қазақ тілінде «сары бел», «сары адыр», «сары жота», «сары дала», «сары арқа», «сары бұлақ» сияқты жер-су атауларында кездесетін «сары» сөзі де көбінесе түске байланысты емес. Ғалым Е.Қойшыбаевтың зерттеулеріне сүйенсек, бұл тіркестердегі «сары» немесе «сар» сөзі көне түркі тілдерінен сақталған, мағынасы – «кең, жазық, ашық кеңістік» (Қойшыбаев, 1985:125). Яғни «сары дала» дегеніміз – түсі сары болғаны үшін емес, кең-байтақ, ұшы-қиырсыз дала деген ұғымды білдіреді. Топонимист Е.Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, негізгі, кең, басты» деген мағынада да қолданылатындығын айтады.

Қазақ және түрік тілдерінде бірдей қолданысқа ие сары сөзінің мағынасы тек бір түспен шектелмейді, оның астарында терең этнолингвистикалық мазмұн, тарихи-мәдени таным мен экологиялық сипаттар бар. Бұл тілдік бірлік әсіресе гидронимияда кеңінен кездеседі. Соның айқын мысалы – «Сарыайдын» атауы. «Сарыайдын» – Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданындағы су айдынының атауы. Бұл атау екі құрамдас бөліктен тұрады: «сары» және «айдын». Екеуі бірігіп, кең жайылған, біршама тайыз немесе шала тұнған, жағасы батпақты, сарғылттау реңі бар көлдік мекенді сипаттайды. Мұндағы «айдын» сөзі көлдің беткі кеңістігін, ашық су аймағын білдірсе, «сары» сөзі оның табиғи, визуалды және экологиялық сипаттамасын ашады.

Этнолингвистикалық тұрғыдан алғанда, «сары» сөзі тек түсті білдіретін атау емес. Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ және түрік тілдерінде «сары» сөзі жиі «шала», «орташа», «бейтарап», «ашық», «сарғайған», «сарқылған», кейде «көне», «ұзақ», «кең», «жайылған» деген мағыналарда да қолданылады. Қазақ тілінде «сары бел», «сары далам», «сары күз» сияқты тіркестер табиғи реңкті ғана емес, белгілі бір эмоционалды күй мен

тарихи кеңістікті де сипаттайды. Бұл түс көбінесе кеңістікпен, уақытпен, өтуімен, толассыздықпен байланыстырылады. Қазақ жеріндегі Сарыайдын, Сарыкөл, Сарықұдық, Сарыайбас сияқты гидронимдер көбіне суы тайыз, шөпті, сазды, сары түсті топырақты немесе жағасы сарғылт түсті өсімдіктерге толы көлдер мен құдықтарды білдіреді. Бұл атауларда сары сөзі табиғи реалийдің тілдік көрінісі ретінде қызмет етеді. Ол көлдің немесе судың түсіне, ондағы балдыр мен өсімдіктің түріне, маусымдық өзгерісіне және жалпы экожүйелік ерекшеліктеріне байланысты қойылған.

Мұндай қолданыстар түрік тілінде де бар. Түріктерде «sarı ova» (сары ойпат), «sarı yaula» (сары жайлау) сияқты тіркестер қолданылады. Бұл тіркестердегі «sarı» кейде топырақтың түсіне, кейде табиғи кеңістікке сілтеме жасауы мүмкін. Бірақ кейде бұл да дәстүрлі атау ретінде, мағынасы кеңейіп, тек рең емес, ландшафттық сипатқа айналғанын байқаймыз.

Түрік тілінде де «sarı» сөзі қазақ тіліне ұқсас контексте көрініс табады. Ол тек визуалды рең емес, сондай-ақ сезімдік және тарихи қабылдаудың символы ретінде танылады. Түрік топонимдерінде Sarıyer, Sarıçam, Sarıgöl сияқты атаулар бар. Бұл атаулардың барлығында да «сары» сөзі сол кеңістіктің табиғи түсі мен бейнесі ғана емес, сол өңірдің ерекшелігін бейнелейтін сипатта қолданылады. Мысалы, «Sarıgöl – жағалауы сарғайған, құмды, шөлейтті аймақтағы көл деген мағынаны меңзейді» (Яғмұр, 2005: 6).

Түркі халықтарының дүниетанымында «көк» сөзі – тек түр-түсті білдіретін лексема ғана емес, ол құдайылықтың, кеңістіктің, мәңгіліктің, биіктіктің, табиғатпен үндестіктің көрінісі ретінде қалыптасқан. Ежелгі түркілердің рухани мәдениетінде көк түс пен аспан ұғымы бір-бірінен ажырамай, біртұтас космогониялық жүйе ретінде орныққан. «Көк тәңір», «Көк бөрі», «Көк аспан», «Көк дүние» деген тіркестер – бұл ұғымның символдық, мифологиялық және танымдық салмағының айғағы. Осы семантикалық аяда көк сөзімен жасалған топонимдер халықтың табиғатты қабылдау ерекшелігін, эстетикалық көру мәдениетін, экологиялық пайымын айқын көрсетеді.

«Көк сөзі алғашқыда аспан деген ұғымды білдіргені тарихи жазбалар мен мифологиялық мәтіндерде дәлелденеді. Мысалы, көне түркі жазбаларында «Көк Тәңір» – ең жоғарғы, жаратушы күш ретінде танылып, осы түс арқылы тылсым кеңістік пен шексіз билік сипатталған. Уақыт өте келе көк сөзі заттық ұғымнан түр-түс атауына айналып, синкреттік түбір ретінде қолданыла бастаған» (Тілегенова, Шүкенай, Демирай, Ертаева, 2023:3). Яғни, көк сөзі бір мезетте әрі түс, әрі кеңістік, әрі табиғат объектісі ретінде қызмет етеді.

Қазақстанның топонимиялық кеңістігінде көк сөзімен жасалған атаулар жиі кездеседі. Бұл атаулардың көбінде көк сөзі өзінің тура мағынасында – түс ретінде беріліп тұр. Бірақ бұл түс тек көзге көрінетін реңк емес, ол экологиялық жағдайдың, географиялық бедердің, кейде тарихи-мәдени ерекшеліктің символы ретінде де көрініс табады. Мысалы:

- көктерек – көк түсті жапырағы бар терек ағашының өсетін жері.
- көкшағыл – көк түсті құм, не өсімдікпен көмкерілген шағылды алқап.
- көкқамыс – бойы көк, қалың өскен қамысты өңір.
- көкөзек – сулы, көкорай шалғынды өзек.
- көкөріс – көк шөпке бай жайылым.
- көктөбе, көктау – көк түсті немесе өсімдігі мол, шөпті төбе не тау.
- көкшат, көкүй, көкатөлген – халықтың тұрмысымен, тарихи оқиғалармен

байланысты этнопонимдер.

➤ көкмола, көккебек, көккөз – реңк, бейне, көзге көрінетін түстік сипатты білдірумен қатар, рухани мағынаны да меңзейді.

«Көк» сөзі топонимдерде эстетикалық, символдық және экологиялық сипаттың тіркесімін береді. Бұл атаулар жай ғана түс атауын емес, табиғаттың тіршілікке жайлылығын, кеңдікті, өміршеңдікті де сипаттайды. Түркілер үшін көк түс – тіршіліктің, табиғи үйлесімнің, мәңгіліктің рәмізі.

Түркия топонимиясында да «kök» сөзімен жасалған атаулар бар және олар көбінесе өсімдіктер, тау-тастар немесе тарихи-мәдени мәнге ие кеңістіктермен байланысты:

➤ Köksal – көкке шық, көктесін деген мағынада. Бұл атау адам есімі ретінде де, елді мекен ретінде де кездеседі.

➤ Köklüce – терең тамырлы, байырғы елді мекен деген мағынада.

➤ Köktürk – көк түріктер, яғни ежелгі түркі мемлекеттілігін білдіретін тарихи атау. Қазіргі Түркияда бұл атау көшелерге, мектептерге және ауылдарға берілген.

➤ Kökyaka – көк жағалау, яғни табиғаты шүйгін, шалғынды, суға жақын аймақ.

Бұл топонимдердің барлығында да көк сөзі тек визуалды сипат емес, рухани әрі танымдық мәнге ие. Түрік халқы үшін де көк түс – табиғатпен үйлесімділіктің, шынайылық пен тазалықтың белгісі.

Демек, «көк» сөзі түркілік кеңістікті сипаттайтын, сонымен бірге оны мағыналық, рухани тұрғыда әрлендіретін әмбебап ұғым. Қазақ және түрік топонимдерінде бұл сөздің қолданылуы халықтың табиғатты тану ерекшелігін, түске эстетикалық қана емес, философиялық тұрғыдан мән беруін айқын танытады. «Көк» сөзі арқылы түркі халықтары тек кеңістікті емес, өздерінің мәдени жадын, мифологиялық танымын және тарихи сабақтастығын да тіл арқылы бейнелейді.

«Сұр» сөзі – семантикалық, этимологиялық жағынан күрделі, тарихи даму жолы сан қырлы, этимологиялық тамыры тереңге бойлайтын сөздердің бірі. Бұл сөздің мағынасы қазіргі қазақ тілінде белгілі бір бозғылт, күңгірт, көмескі, бейтарап реңкті білдіреді. «Алайда «сұр» сөзінің фонетикалық тұлғасы мен мазмұндық ауқымы түркі тілдері ішінде әртүрлі формада кездеседі және кей жағдайда түстен гөрі бейнелік, символдық сипатта қолданылады» (Ахметова, 2014: 92).

Қазақ тіліндегі «сұр» сөзі қарақалпақ тілінде «сур», башқұрт тілінде «хоро», алтай тілінде «боро», чуваш тілінде «сара», ноғай тілінде «кұба», түрік тілінде «gri» (кейінгі кірме сөз) түрінде кездеседі. Бұлардың барлығы, кей зерттеушілердің пікірінше, ортақ түбірден өрбіген. Бұл сөздердің басым бөлігі бейтарап түсті, бозғыл реңкті, салқын немесе күңгірт бояуды білдіреді. Яғни сұр сөзі тарихи тұрғыда түс атауы ретінде ғана емес, табиғат құбылыстарының, заттардың, көңіл-күйдің, тіпті әлеуметтік статустың да көрсеткіші ретінде қолданылған.

Қазақ жеріндегі топонимдерде «сұр» сөзі сирек те болса кездеседі. Бұл оның мағынасының көмескілігінен емес, керісінше, символдық реңкінің тым күрделі болуымен түсіндіріледі. Көп жағдайда «сұр» сөзі табиғи ортаға тән реңк, шөлді, жалаң, тастақты аймақты сипаттау үшін қолданылады. Мысалы: «Сұрмерген» – ел ішінде аты аңызға айналған мергеннің есімімен байланысты жер атауы (фольклорлық негізде). «Сұрқамыс», «Сұрқұдық» – топырағы бозғылт, суы аз, батпақты, шөлейт жерлерге қойылған атаулар болуы мүмкін. «Сұрөзек», «Сұрсай» – өсімдігі аз, шөп бітісі күңгірт, топырағы тастақты, көмескі реңді жер бедерін сипаттайды. Бұл атауларда сұр сөзі табиғи реңк қана емес, мекеннің өмірге қолайлылығы төмен, тіршілікке күрделі жер екенін білдіретін танымдық маркер ретінде қолданылады.

Қазақта «сұр тіршілік», «сұр бас», «сұр бейне» деген тіркестер белгілі бір мәнсіздік, беймаза күй, «жоқ пен бардың ортасы» сияқты мағыналар береді. Бұл таным, топонимдерге де ауысқан. Яғни сұр сөзі бар жер атаулары сол маңның түссіздігі, тіршілікке жарамсыздығы, көңілсіздігі сынды мәндермен байланыстырылады.

Қазіргі түрік тілінде «сұр» түсі «gri» деп аталады. Бұл сөз француз тілінен енген кірме сөз болғанымен, халықтық, көнерген түркі негізіндегі реңк атаулары да бар. Мысалы: Böz – боз, бозғылт (қазақ тіліндегі боз сөзімен туыс). Түрік топонимдерінде жиі кездеседі: «Bozkır» – Түркияның Кония провинциясында орналасқан қала. Боз дала, яғни шөлейт, шөпсіз кеңістік болғандықтан атауы осылай қойылған. «Bozdağ» – Измир қаласындағы жер атауы. Айнала бозғылт тау, тасты, шөпсіз биік болғандықтан, «Bozdağ» деп атаған. Boztere – боз

төбе. Bozköy – Чифтлик ауданындағы қала, Нигде провинциясы, Түркия. Оның халқы 3793 адамды құрайды. Қазақша аудармасы «боз ауыл» болады. Жалаң, өсімсіз жердегі елді мекен, сондықтан боз сөзі тіркестірілген.

Байқағанымыздай, түрік тілінде де боз сөзі сұр түс пен бейтараптықты, тіршілікке қиын орта мен жалаң табиғатты бейнелейді. Ал grі сөзі қазіргі урбанизацияланған атауларда кездесуі мүмкін, бірақ ол ұлттық лексикадан гөрі заманауи тілдік қабатқа жатады.

Қазақтың жанына, болмысына ұқсас түс – қоңыр. «Қазақ тіліндегі «қоңыр» сөзі – тек түс атауы емес, сондай-ақ жұмсақтықты, байыптылықты, сыпайылықты, табиғилықты, көнелілікті, байсалдылықты білдіретін кең мағыналы сөз. Бұл түс – қызғылт, сарғыш, ашық қоңыр және қою қоңыр реңктердің жалпы атауы» (Рысберген, 2010:32). Қазақ жеріндегі топонимдерде қоңыр сөзімен жасалған атаулар табиғат ерекшелігін, жер бедерін немесе тарихи-мәдени сипатты білдіреді. Мысалы: «Қоңыр» – Сырым ауданындағы елді мекен. Атау жердің табиғи күйін – топырағының түсі, өсімдігінің реңі немесе жалпы ландшафтың көрінісіне байланысты қойылған. Бұл атауда қоңыр сөзі жер реңін, табиғаттың сабырлы қалпын білдіреді. «Қоңырбай» – Ақжайық ауданындағы елді мекен. Бұл – антропотопоним, яғни адам есімімен аталған жер атауы. Қоңырбай есімі қазақ фольклорында жиі кездеседі (мысалы, Қобыланды батыр жыры). Есім ретінде де қоңыр сөзі байсалды, момын, жуас мінезді адамға қатысты берілген. «Қоңыршеген» – Ақжайық ауданындағы елді мекен. Бұл атауда қоңыр сөзі шеген, яғни құдық қазылған, мал суарылатын жердің атауымен байланысып, суы тұнық, шөбі шүйгін, малға жайлы, топырағы қара-қоңыр өңді алқапты сипаттайды. Мұндай топонимдер халықтың жер бедеріне, табиғи-экологиялық жағдайларға қарап атау қою дәстүрін көрсетеді. «Қоңыр» сөзі арқылы жердің түсі ғана емес, оның күйі мен реңкі, мінезі, адамға әсері де бейнеленеді.

Қазіргі түрік тілінде «қоңыр» түсі «kahverengi» (кофе түсі), «koю kahverengi» (қою қоңыр), немесе «esmer» (қараторы) деп аталады. Бірақ байырғы түркілік түбірдегі «konur» сөзі де тарихи мәтіндерде, диалектілерде және кейбір жергілікті атауларда кездеседі. Мысалы: «Konurkale» – Түркиядағы елді-мекен. Қазақша аудармасы – «қоңыр бекініс», яғни кезінде жер түсіне немесе бекіністің материалына (тас, топырақ) байланысты атау. «Konular» - қолбасшыға байланысты қойылған жер атауы. «Қоңыр Алп» – жұмсақ мінезді батыр деген мағынаны береді.

Бұл атауларда да қоңыр сөзі жұмсақтық, табиғилық, тозбас тұрақтылық реңінде қолданылады. Қазіргі заманда түрік тілінде «kahverengi» кең таралғанымен, «konur» сөзі фольклорда, тарихи атауларда, әдебиетте сақталған. Бұл – түркі мәдениетінің ортақ мұра екенінің белгісі. Осылайша, қоңыр түс – табиғатпен үндес, терең символдық мәні бар түркілік мәдени код, ал одан жасалған топонимдер – сол кодтың кеңістікке бедерленген тілдік нұсқасы.

Қызыл түс қазақ халқында да, бүкіл түркі мәдениетінде де терең символдық, семантикалық және тарихи мағынаға ие. Ол арқылы бірқатар маңызды ұғымдар мен түсініктер көрініс тапқан: өмір, от, қан, батырлық, жеңіс, саяси жүйе, киелілік, шекаралық белгі т.б.

### Қорытынды

Қазақ топонимиясында «қызыл» сөзімен жасалған жер-су атаулары өте жиі кездеседі. Бұл атаулардың бір тобы табиғи жер бедерінің түсіне, бір тобы тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, үшіншісі кеңестік идеологиямен байланысты. Жер-су аттары ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа жазып кеткен аманат хатымен тең. Отаршыл алып империялар не себепті жер-су аттарын өзгертуге, ұмыттыруға күш салды? Олар халықтың жадын бұлыңғырлауға, шаюға тырысты. Жер-су атауларын өзгертіп, күштеп басқаша жат ұғымды жапсырмалау – ұрпақтар алмасуларында жер-су иесі кім еді деген сұрақта адасушылыққа әкеліп соғуы әбден мүмкін болатын (Туякбаев, 2024:224).

Табиғи-географиялық негіздегі топонимдер: «Қызылжар» – жардың, сайдың, тастың қызыл түсті болуына байланысты қойылған атау. «Қызылкөл» – Шыңғырлау, Қартөбе аудандарындағы көл және елді мекен. Ол суының, топырағының немесе батпағының қызылдау түсінен осы атқа ие болған. «Қызылтау, Қызылтөбе, Қызылқақ, Қызылоба» – ландшафттың рендік ерекшелігіне қарай қойылған. «Қызылағаш», «Қызылтерек» – ағаш қабығы немесе жапырағы күзде қызарып көрінетін ерекшелікке байланысты қойылған жер атаулары. Кеңестік дәуірде қалыптасқан саяси-идеологиялық топонимдер: Қызылту, Қызылтаң, Қызылүй, Қызылақрап, Қызылқора, Қызылсарай – кеңестік идеологияны насихаттау мақсатында қойылған атаулар. Бұл жер атауларындағы қызыл түс социализм мен коммунизмнің символы ретінде көрініс тапқан.

Қазіргі түрік тілінде «қызыл» сөзі – «kızıl» деп жазылады. Бұл сөз де түрік тілінің ежелгі қабатынан келе жатқан байырғы түр-түс атауы. Түріктерде де бұл түс қан, от, күн, ту сияқты ұғымдармен байланысты.

Түрік топонимдерінде де қызыл түс жиі қолданылады: «Kızılcahamam» – Анкара маңындағы жер атауы, мағынасы: «қызыл суы бар» немесе «қызғылт өңді ыстық бұлағы бар» жер (Сакаоғлу, 2001: 428). «Kızılyıldız» – «Қызыл жұлдыз» (кеңестік кезеңге байланысты қолданылған мәдени атаулардың бірі). «Kızıldağ» – «Қызылтау» – таудың түсі мен табиғи ерекшелігіне байланысты осы атау қойылған. «Kızılhisar» - муниципалитет пен аудандағы көршілік Енишехир, Түркияның Бурса провинциясы. Жер бедерінің түсіне қатысты осы атай берілген. Түріктерде қызыл түс ұлттық тудың түсі ретінде де ерекше маңызға ие. Мемлекеттік деңгейде қызыл түс отансүйгіштік пен мемлекеттіліктің символы ретінде көрініс табады.

Қазақ тіліндегі географиялық атаулар құрамында кездесетін түр-түс лексемалары – халқымыздың табиғатпен тығыз қарым-қатынасынан туындаған, қоршаған ортаға, тарихи оқиғалар мен мәдени құндылықтарға деген көзқарасының тілдік бейнесі. Бұл атаулар – белгілі бір жердің табиғи ерекшелігін, ландшафттық сипаттамасын ғана емес, сонымен қатар оның тарихи, этникалық және мифологиялық мазмұнын да аңғартатын маңызды тілдік бірліктер. Қазақ топонимиясында жиі кездесетін түр-түс атаулары – ақ, қара, көк, сары, қызыл, қоңыр сияқты түстер – мағынасы терең, символикалық мәнге ие лексемалар. Олар әрқашан тек көзбен көріп, физикалық қабылдайтын түстерді ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани дүниетанымын, мәдени кодын жеткізетін семиотикалық белгілер ретінде де танылады.

#### Әдебиеттер:

Шадкам З, Амантай М.А, 2025 – *Шадкам З., Амантай М.А.* Шығыс деректеріндегі антропонимдердің тарихи-ономатикалық мәні: Бабырнама негізінде. Қазақстан шығыстануы. 2024. №4. Том 12. 183-193 б.

Рысберген, 2010 – *Рысберген Қ.* Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. Ф.ғ.д. ... дисс.авторерефераты. Алматы, 2010. 55 б;

Жанұзақов, 2008 – *Жанұзақов Т.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-прес, 2008. 968 б;

Қойшыбаев, 1985 – *Қойшыбаев Е.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. 256 б;

Қазақ ономастикасының мәселелері, 1986 – *Қазақ ономастикасының мәселелері.* – Алматы: Ғылым, 1986. 136 б;

Бияров, Мергенчина, 2007 – *Бияров Б.Н., Мергенчина М.К.* Фольклортопонимдердің морфологиялық-құрылымдық жүйесі // Вестник КАСУ, №2, 2007. 5-10 б;

Тасполатов, 2010 – *Тасполатов Б.* Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация авторерефераты. Алматы, 2010. 31-40 б;

Яғмұр, 2005 – *Яғмұр Ө.* Хөбек ауылының жер-су атаулары туралы зерттеу. Түрік тілі мен әдебиеті журналы, XLIX том / шығарылым (Höbek Köyü Yer Adları Üzerine Bir İnceleme, Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi Cilt / Sayı XLIX), 2005. 15-27 б;

Доған, 1982 – *Доған А.* Тілді жан-жақты қарастыру: Тіл білімінің негізгі бағыттары. 3-том. Түрік тілі қоғамының басылымдары (Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim 3, Türk Dil Kurumu). – Анкара, 1982. 439 б;

Сакаоғлу, 2001 – *Сакаоғлу С.* Түрік топонимикасы I: Кіріспе. Түрік тілі қоғамының басылымдары (Türk Dil Kurumu yayınları). – Анкара, 2001. 780 б;

Тілегенова, Шүкенай, Демирай, Ертаева, 2023 – *Тілегенова Г., Шүкенай Г., Демирай Е., Ертаева П.* Қазақ-түрік тілдеріндегі көк түсінің танымдық сипаты. Талдықорған: Жетісу университеті, 2023. 11-21 б;

Ахметова, 2014 – *Ахметова А.* Қазақ тіліндегі түске байланысты лексемалардың семантикасы. – Алматы, 2014. 136 б;

Бекеева Н.Ж., Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. – *Бекеева Н.Ж., Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә.* Шығыс Түркістан аймағы географиялық атауларының батыстық зерттеу корпусындағы түркілік дереккөздік репрезентациясы мен ғылыми интерпретациясы. Қазақстан шығыстануы. 2025. №4. Том 16. 209-217 б.

Туякбаев Г.А., Ботабаева Ж.Т., Башенова Ә.М. – *Туякбаев Г.А., Ботабаева Ж.Т., Башенова Ә.М.* Түркі тілдес халықтарының желілес топонимдік аңыздарындағы 40 саны және қыз мұнарасы. Қазақстан шығыстануы. 2024. № 4. Том 12. 216-228 б.

#### References:

Shadqam, Amantai, 2025 – *Shadqam Z., Amantai M.A.* Shyǵys derekterindegi antroponimderdiń tarihi-onomastikalıq máni: Baburnama negizinde [Historical and Onomastic Significance of Anthroponyms in Eastern Sources: Based on the Baburnama]. Qazaqstan shyǵystanuy. 2024. No. 4. Vol. 12. P. 183–193. (in Kaz.).

Rysbergen, 2010 – *Rysbergen Q.* Qazaq toponimiyasynyń lingvokognitivtik jáne étnomádeni negizderi [Linguocognitive and Ethnocultural Foundations of Kazakh Toponymy]. Ph.D. diss. Abstr. Almaty, 2010. 55 p. (in Kaz.).

Zhanuzakov, 2008 – *Zhanuzakov T.* Qazaq tiliniń túsendirme sózdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. Almaty: Daik-press, 2008. 968 p. (in Kaz.).

Qoishybaev, 1985 – *Qoishybaev E.* Qazaqstannyń jer-su attary sózdigi [Dictionary of Geographical Names of Kazakhstan]. Almaty, 1985. 256 p. (in Kaz.).

Qazaq onomastikasynyń máseleleri, 1986 – *Qazaq onomastikasynyń máseleleri* [Issues of Kazakh Onomastics]. Almaty: Gylm, 1986. 136 p. (in Kaz.).

Biyarov, Mergençhina, 2007 – *Biyarov B.N., Mergençhina M.K.* Folklorotoponimderdiń morfologiyalyq-qurylymdyq júyesi [Morphological and Structural System of Folklore Toponyms]. Vestnik KASU, No. 2, 2007. P. 5–10. (in Rus.).

Taspolatov, 2010 – *Taspolatov B.* Qazyǵurt óniri toponimiyasynyń étnolingvistikalıq sipaty [Ethnolinguistic Characteristics of the Toponymy of the Qazyǵurt Region]. Ph.D. diss. abstr. Almaty, 2010. P. 31–40. (in Kaz.).

Yaghmur, 2005 – *Yaghmur Ó.* Höbek auylınyn jer-su attary turaly zertteu [A Study on the Place Names of Höbek Village]. Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, Vol. XLIX, 2005. P. 15–27. (in Tur.).

Dogan, 1982 – *Dogan A.* Tildi jan-jaqty qarastyru: Til biliminiń negizgi baǵyttary [Her Yönüyle Dil: Ana Çizgileriyle Dilbilim]. Vol. 3. Türk Dil Kurumu Yayınları. Ankara, 1982. 439 p. (in Tur.).

Sakaoǵlu, 2001 – *Sakaoǵlu C.* Türik toponimikasy I: Kirispe [Turkish Toponymy I: Introduction]. Türk Dil Kurumu Yayınları. Ankara, 2001. 780 p. (in Tur.).

Tilegenova, Shukenai, Demirai, Ertaeva, 2023 – *Tilegenova G., Shukenai G., Demirai E., Ertaeva P.* Qazaq-türik tilderindegi kók túsiniń tanymdyq sipaty [Cognitive Characteristics of the Color Blue in Kazakh and Turkish Languages]. Taldyqorgan: Zhetysu University, 2023. P. 11–21. (in Kaz.).

Akhmetova, 2014 – *Akhmetova A.* Qazaq tilindegi túske bailanysty leksemalardyń semantikasy [Semantics of Color-Related Lexemes in the Kazakh Language]. Almaty, 2014. 136 p. (in Kaz.).

Bekeeva, Nurdauletova, Aimukhambet, 2025 – *Bekeeva N.Zh., Nurdauletova B.I., Aimukhambet Zh.Á.* Shygys Türkistan amaǵy geografıyalyq attarynyń batystyq zertteu korpusyndaǵy türkilik derekkózdik reprezentatsiyasy men ǵylymi interpretatsiyasy [Turkic Source Representation and Scholarly Interpretation of East Turkestan Geographical Names in Western Research Corpora]. Qazaqstan shyǵystanuy. 2025. No. 4. Vol. 16. P. 209–217. (in Kaz.).

Tuyakbaev, Botabaeva, Bashenova, 2024 – *Tuyakbaev G.A., Botabaeva Zh.T., Bashenova Á.M.* Türik tildes halyqtarynyń jeliles toponimdik ańyrdaryndaǵy 40 sany jáne qyz munarasy [The Number 40 and the Maiden Tower in Chain Toponymic Legends of Turkic-Speaking Peoples]. Qazaqstan shyǵystanuy. 2024. No. 4. Vol. 12. P. 216–228. (in Kaz.).

<sup>1</sup>Буркитбаева Ш. Д. <sup>2</sup>Токсеитова А.Е.

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби  
Алматы, Казахстан,

E-mail: <sup>1</sup>[burkitbaeva.1975@mail.ru](mailto:burkitbaeva.1975@mail.ru), <sup>2</sup>[aydana.ergalikizi@gmail.com](mailto:aydana.ergalikizi@gmail.com)

## СЕМАНТИКО-ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЙ В ГИДРОНИМАХ И ТОПОНИМАХ КАЗАХСКОГО И ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКОВ

**Аннотация.** Данная статья посвящена изучению семантико-функциональных особенностей цветообозначений (колоративной лексики) в географических названиях (топонимах и гидронимах) казахского и турецкого языков. Научная новизна исследования заключается в том, что цветообозначения в топонимических системах казахского и турецкого языков рассматриваются не по отдельности, а как единое сравнительное семантическое поле. Этот подход позволяет глубже раскрыть когнитивные и культурные коды ономастической лексики тюркских языков, а также символические сдвиги значений цветообозначений при номинации географических объектов. Задачи исследования включают статистико-лингвистическое определение частотности и ареала использования таких цветообозначений, как «Белый/Ақ», «Черный/Қара», «Красный/Қызыл» и «Синий/Мави» в корпусе казахских и турецких топонимов. Кроме того, к задачам относится классификация функциональных особенностей цветообозначений при передаче дескриптивных (описание реального цвета) и метафорических (объем, направление, качество) значений, а также демонстрация сходств и различий в лингвистических структурах колоративных топонимов путем сравнения словообразовательных моделей (композиция, аффиксация). Цель статьи – всесторонне раскрыть семантико-функциональный потенциал цветообозначений в географических названиях казахского и турецкого языков и научно обосновать их роль в языковой картине мира и этнографическом ландшафте двух тюркских языков. Представленные в статье результаты позволяют авторам определить культурно-когнитивные мотивации, лежащие в основе возникновения колоративных топонимов. Они доказывают генетическую связь топонимических систем, а также демонстрируют отличительные признаки, сформировавшиеся на этапах индивидуального развития.

**Ключевые слова:** топонимика, ономастика, колоративная лексика, семантика, функциональный анализ.

<sup>1</sup>Burkitbayeva Sh.D., <sup>2</sup>Toxeitova A.E.

<sup>1,2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: <sup>1</sup>[burkitbaeva.1975@mail.ru](mailto:burkitbaeva.1975@mail.ru), <sup>2</sup>[aydana.ergalikizi@gmail.com](mailto:aydana.ergalikizi@gmail.com)

## SEMANTIC AND FUNCTIONAL PECULIARITIES OF COLOR TERMS IN KAZAKH AND TURKISH PLACE NAMES

**Abstract.** The article is devoted to the study of the semantic and functional peculiarities of color terms (colorative lexicon) in the place names (toponyms and hydronyms) of the Kazakh and Turkish languages. The scientific novelty of the research lies in the fact that color terms in the toponymic systems of the Kazakh and Turkish languages are considered not individually, but as a common comparative semantic field. This approach allows for a deeper revelation of the cognitive and cultural codes of the onomastic lexicon of the Turkic languages, as well as the symbolic shifts in the meaning of color terms when naming geographical objects. The objectives of the study include the statistical and linguistic determination of the frequency and distribution area of color terms such as «White/Ak», «Black/Kara», «Red/Kızıl» and «Blue/Mavi» in the corpus of Kazakh and Turkish toponyms. Furthermore, the objectives include classifying the functional features of color terms in conveying descriptive (describing the real color) and metaphorical (volume, direction, quality) meanings, as well as demonstrating the similarities and differences in the linguistic structures of colorative toponyms by comparing word-formation models (composition, affixation). The goal of the article is to comprehensively reveal the semantic and functional potential of color terms in the place names of the Kazakh and Turkish languages and to scientifically substantiate their role in the linguistic worldview and ethnographic landscape of the two Turkic languages. The results presented in the article allow the authors to determine the cultural and cognitive motivations underlying the emergence of colorative toponyms. They prove the genetic connection of the toponymic systems, as well as demonstrate the distinctive features that formed during the stages of individual development.

**Keywords:** toponymy, onomastics, colorative lexicon, semantics, functional analysis.

Автор туралы мәлімет:

Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түркология және тіл теориясы кафедрасының доцент м.а., Алматы, Қазақстан.

Токсеитова Айдана Ергалиқызы, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторе:

Буркитбаева Шынарай Дубировна – PhD, и.о. доцент кафедры туркологии и теории языка Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Токсеитова Айдана Ергалиевна – PhD докторант, Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about author:

Burkitbayeva Shynaray Dubrovna – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Turkology and Language Theory of al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan.

Toxeitova Aidana Ergalikizi – PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Келін түсті 4 желтоқсан 2025 жыл  
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл